

**Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, сондай-ақ оларды беру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 желтоқсанда № 12731 болып тіркелді.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**Бұйрық 01.01.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабының 18) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 12.08.2022 № 309 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімі, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығын, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысын және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшерін беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрі

Т. Дүйсенова  
Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
2015 жылғы 28 желтоқсандағы  
№ 1053 бұйрығына  
1-қосымша

**Жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімі, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесі**

**Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 09.12.2020 № 488 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.06.2022 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.08.2022 № 309 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

№ р/с	Өндірістердің, цехтар мен лауазымдардың атауы	ҚДҰ дейін	ҚЖУҰ
1-бөлім. Тау-кен жұмыстары. Металлургия өндірісі үшін қара және түсті металдардың және басқа пайдалы қазбалардың кен орындарынан кен шығару, слюда, плавик шпатын және алмаздарды өндіру, тізбеленген қазбаларды пайдалану үшін шахталар, кеніштер, приискілер мен карьерлер салу, сондай-ақ геологиялық барлаудағы тау-кен жұмыстары			
1-тарау. Жерасты жұмыстары			
1.	Жерасты жұмысын істейтін барлық мамандық жұмысшылары:		
	1) пайдаланылатын және салынып жатқан		

	шахталардың кеніштердің) және штольнялардың, сондай-ақ геологиялық барлаудағы	( 24	36
	2) проходкалау және ылғал жағдайдағы шахталардың тік ұңғырларын тереңдету бойынша	30	36
	3) температура +26 С және одан жоғары жерде	24	36
2.	Температура +26 С және одан жоғары жерде үнемі жерасты жұмыстарын атқаратын тау-кен мастері және мастер	24	
3.	Пайдаланудағы және салынып жатқан вахталарда (кеніштерде) және штольняларда үнемі жерасты жұмыстарын атқаратын, сондай-ақ геологиялық барлаудағы басшылар, мамандар мен қызметшілер	18	
2-тарау. Өндіру кезінде құрамында 10 % және одан астам кремний еркін қос тотығы бар кен мен жыныстардың шаңы пайда болатын жерасты тау-кен жұмыстары			
Жұмысшылар			
4.	Бункердің немесе гезенкенің торында буттарды майдалайтын бункерші	30	36
5.	Шпур бұрғылаушы	30	36
6.	Жерасты бетоншысы	24	36
7.	Қопарғыш, мастер-қопарғыш	24	36
8.	Забойлардағы кен мен жыныстарды жинайтын автомобиль жүргізушісі	30	36

9.	Қосымша көлік жүргізушісі	24	36
10.	Газды өлшеуші	24	36
11.	Жұмыс істеп тұрған забойларда жұмыс істейтін газбен дәнекерлеуші	24	36
12.	Тазалау забойының тау-кен жұмысшысы	30	36
13.	Үгітуші	30	36
14.	Өлшемші	24	36
15.	Қалаушы болып істейтін жерасты тау-кен жұмысшысы:		
	1) өңделген кеңістіктің қалаушысы	30	36
	2) тау-кен массасын тиеу, итеру және түсіруші	30	36
	3) тау-кен массасын шығарушы	30	36
	4) жұмыс істеп тұрған забойларда жұмыс істеуші	30	36
16.	Жұмыс істеп тұрған забойлардағы, маркшейдерлік және геологиялық жұмыстардағы тау-кен жұмысшысы	24	36
17.	Тау кені шығарылып жатқан жерлерде бекітумен айналысатын бекітуші	30	36
18.	Люкші	30	36

19.	Бұрғылау қондырғысының машинисі	30	36
20.	Вагон аударғыштың машинисі	30	36
21.	Тау-кен ұңғылау машиналарының машинисі	30	36
22.	Конвейер машинисі	30	36
23.	Тиеу машинасының машинисі	30	36
24.	Тиеу-жеткізу машинасының машинисі	30	36
25.	Скрепер шығырының машинисі	30	36
26.	Бульдозер машинисі (бульдозерші), забойларда кен мен жынысты жинайтын жерасты өздігінен жүретін машинаның машинисі және экскаватор машинисі	30	36
27.	Вибрациялық тиеу қондырғысының машинисі	30	36
28.	Электровоз машинисі	24	36
29.	Қуаттандыру моторшысы	24	36
30.	Аударушы	30	36
31.	Пайдалы қазбаға геофизикалық сынақ жасау операторы	24	36
32.	Проходкашы	30	36
	Жұмыс істеп тұрған забойларда жол төсеуші		

33.	және жол жөндеуші жолшы жұмысшы	24	36
34.	Осы бөлімде аталған барлық кешенді бригадалардың жұмысшылары	30	36
35.	Кен түсіруші	30	36
36.	Жөндеуші слесарь	24	36
37.	Дозатордан скиптерді тиеумен айналысатын ұңғышы	30	36
38.	Жұмыс істеп тұрған забойлардағы жылжымалы составтың тіркеуші-кондукторы	24	36
39.	Жерасты тау үңгірлерін торкреттеп майлаушы	24	36
40.	Жұмыс істеп тұрған забойлардағы кезекші электрослесарь (слесарь) және жабдықтарды жөндеу жөніндегі слесарь	24	36
41.	Жұмыс істеп тұрған забойлардағы қолмен дәнекерлейтін электрмен дәнекерлеуші	24	36
Басшылар және мамандар			
42.	Тау-кен мастері, (тазалау, тау-кен әзірлеу, күрделі тау-кен), ішкі шахта көлігі және бұрғылау-қопару ( ( бұрғылау, қопару) жұмыстар ының учаске бастығы, олардың көмекшілері және орынбасарлары, учаскенің немесе шахтаның механигі,		

	энергетигі (учаскенің құқығымен), үнемі жерасты жұмыстарын істейтін учаскелік геолог және маркшейдер	30	
1-параграф. Ниобты (лопаритті) кендерді жерасты тәсілмен қазып алу			
43.	Аккумуляторлық электровоздардың батареяларын зарядтайтын аккумуляторшы	24	36
44.	Шпурларды бұрғылаушы	30	36
45.	Қопарушы, қопарушы мастер	24	36
46.	Газ өлшеуші	24	36
47.	Газбен дәнекерлеуші	24	36
48.	Тазалау забойының тау-кен жұмысшысы	30	36
49.	Тазалау забойының тау-кен жұмысшысы		
	1) тау кені алынатын жерлерде былғаныш заттарды жинайтын	30	36
	2) тау кенін және зумпфтарды тазалайтын, сондай-ақ желдеткіш қосқыштардың есіктерін ашатын	24	36
50.	Қопарғыш материалдардың жерасты қоймасының меңгерушісі, механик, геолог, маркшейдер, шахта бастығы және бас инженері, бұрғылау-қопару жұмыстарының бастығы	24	

51.	Маркшейдерлік және геологиялық жұмыстардағы тау-кен жұмысшысы, забойлардағы пайдалы қазбаларды геофизикалық сынау жөніндегі оператор	24	36
52.	Жерасты қоймада үнемі істейтін қоймашы	18	36
53.	Тау кендерін бекітетін және жөндейтін бекітуші	30	36
54.	Бұрғылау қондырғысының машинисі	30	36
55.	Тиеу машинасының машинисі	30	36
56.	Скреперлік шығырдың машинисі	30	36
57.	Көтергіш машинаның машинисі	24	36
58.	Электровоз машинисі	24	36
59.	Желдету қондырғысының моторшысы және жерасты желдетумен айналысатын басқа да жұмысшылар	24	36
60	Жерасты бункерлерде вагондарды аударумен айналысатын аударушы	24	36
61.	Тазалау забойының тау-кен жұмысшысы, шығарылған тау кенінің төбесін нығыздаушы	30	36
62.	Забойларда кенді ойып алып сынақтан өткізетін сынақ алушы	24	36

63.	Проходкашы	30	36
64.	Жол төсейтін және жол жөндейтін жолшы жұмыскер	24	36
65.	Қо парғыш материалдарды таратып беруші	24	36
66.	Кезекші электрослесарь (слесарь) және жабдықтарды жөндеуші слесарь	24	36
67.	Ұңғышы	24	36
68.	Электр жабдықтарына қызмет көрсету жөніндегі электромонтер	24	36
69.	Қолмен дәнекерлейтін электрмен дәнекерлеуші	24	36
70.	Тау-кен мастері	24	36
71.	Учаске бастығы және механигі	24	36
3-тарау. Пайдаланудағы және салынып жатқан карьерлердегі ашық тау-кен жұмыстары, сондай-ақ тау-кендік шахта беті және геологиялық барлау			
72.	Құрамында алтын бар кендерді байыту аппаратшысы	18	
73.	Бункерші	12	
74.	Бұрғылау қондырғысының машинисі		
	1) кварц пен кварциттерді өңдейтін	18	
	2) басқа тау-кен жыныстарын өңдейтін	12	

75.	Шпурларды бұрғылаушы :		
	1) кварц пен кварциттерді өңдейтін	18	
	2) басқа тау-кен жыныстарын өңдейтін	12	
76.	Қопарғыш, қопарғыш мастер	12	
77.	Карьерден тау-кен массасын тасымалдайтын автомобильдің жүргізушісі	18	
78.	Тау-кен массасын тиейтін тиегіштің жүргізушісі	12	
79.	Аспалы жолдардың вагонеткаларынан түсіруші аспалы жолдың вагонетшісі	12	
80.	Үйінділерде түсіретін (құлатқыш) түсіруші		
	1) ниобты (лопаритті) кендерді қазып алатын	18	
	2) басқа кендер мен пайдалы қазбаларды қазып алатын	12	
81.	Гидромониторшы	18	
82.	Кеніш вагонеткаларын, автосамосвалдарды және думпкаларды тазалайтын тау-кен жұмысшысы	12	
83.	Жеткізуші	18	
84.	Қопарғыш материалдарды таратып беруші	12	

85.	Ұнтақтаушы	12	
86.	Тазалау забойының тау-кен жұмысшысы		
	1) кварц пен кварциттерді бұрғылау-қопару тәсілімен өңдейтін	18	
	2) басқа кендер мен пайдалы қазбаларды қазып алатын	12	
87.	Бұрғылар мен коронкаларды қайрайтын қайрағыш	18	
88.	Гидрокондырғыда жұмыс істейтін тау-кен жұмысшысы	18	
89.	100 м тереңдіктен астам карьерлерде үнемі жұмыс істейтін басшылар мен мамандар	18	
90.	Тау-кен жабдықтарын үнемі жөндейтін басшылар мен мамандар	12	
91.	Тау-кен жұмысшысы ( думпкаларды құлатушы кондуктор)	12	
92.	Бұрғылаушы-май құюшы ұста және допотшы-май құюшы ұста	18	
93.	Кеніштегі аккумуляторлық лампаларды зарядтайтын лампашы:		
	1) ниобты (лопаритті) кендерді қазып алатын	30	36
	2) басқа кендер мен пайдалы қазбаларды қазып алатын		

		12	
94.	Люкші	12	
95.	Жұмыстың төбе және үйінді учаскелерінде үнемі қазып алатын жұмыстағы мастер, учаске бастығы	12	
96.	Карьердегі бульдозер машинисі (бульдозерші)	12	
97.	Вагон аударғыштың машинисі		
	1) ниобты (лопаритті) кендерді қазып алатын	18	
	2) басқа кендер мен жыныстарды қазып алатын	12	
98.	Бу драгасына қызмет көрсететін драга машинисі	18	
99.	Тау-кен жұмысындағы конвейер машинисі	12	
100.	Қазып алумен және ашумен айналысатын бу экскаваторы қазандығының машинисі (от жағушысы)	18	
101	Тар колеяны салушы жолшылардың машинисі	12	
102.	Кең колеялы жол салушы механизмдердің машинисі	12	
103.	Жер сорушы қондырғылардың		

	механикалық сорып алушы жабдығының машинисі	12	
104.	Мотовоз машинисі	12	
105.	Үйінді жасаушы машинист	12	
106.	Үйінді көпір машинисі	12	
107.	Үйінді соқа машинисі	12	
108.	Тау-кен массасын тиейтін тиеу-жеткізу машинасының машинисі	12	
109.	Көтергіш машинаның машинисі	12	
110.	Жол ысырғыштың машинисі	12	
111.	Арнайы киімді жуатын және жөңдейтін жұмысшы (машинист):		
	1) ниобты (лопаритті) кендерді қазып алатын тау - кен кәсіпорындарындағы	24	36
	2) қолмен жуатын басқа тау - кен кәсіпорындарындағы	18	
	3) механикаландырылған тәсілмен	12	
	4) ниобты (лопаритті) кендерді қазып алатын тау - кен кәсіпорындарындағы арнайы киімдерді жөңдейтін	24	36
112.	Скрепер шығырының машинисі	12	

113.	Шпал қағатын машинаның машинисі	12	
114.	Электровоздың машинисі	12	
115.	Қазып алуда және ашуда істейтін экскаватор машинисі	18	
116.	Карьерлер мен үйінділерде жол төсейтін және жөндейтін жол монтері	12	
117.	Әктеуші және майлаушы машинисі	12	
118.	Металл алушы жуу приборының моторшысы	12	
119.	Шығарылған тау кенінің обборшысы, тау-кен жұмысшысы	12	
120.	Пайдалы қазбаны геофизикалық сынақтан өткізу жөніндегі оператор (забойларда кенді ойып алып, сынаққа өткізетін және сынақтарды әзірлейтін)	12	
121.	Үстірт жұмыстардағы проходкалаушы:		
	1) 5 м тереңірек шурфтардағы	18	36
	2) 5 м және одан азырақ тереңдіктегі шурфтар және барлау каналалары мен траншеялардағы	12	
122.	Ниобты (лопаритті) кендерді қазып алатын тау - кен кәсіпорындарындағы дозиметрлік қызмет қызметкерлері	24	36

123.	100 м терең карьерлерде үнемі жұмыс істейтін барлық мамандық жұмысшылары	18	
124.	Ластанған арнаулы киімдерді беретін, қабылдап алатын және кептіретін, сондай-ақ гардероб бөлмесін жинайтын гардероб жұмысшылары:		
	1) ниобты (лопаритті) кендерді қазып алатын шахталарда радиоактивті заттармен ластанған арнаулы киімдерді қабылдап алатын және гардероб бөлмесін жинайтын	30	36
	2) силикоз ауруына шалдығу қаупі бар шахталарда	24	
	3) карьерлерде және басқа шахталарда	12	
125.	Теңіз деңгейінен биіктікте жұмыс істейтін жұмысшылар, мамандар және қызметшілер:		
	1) 2000-нан 2300 метрге дейін	18	
	2) 2301-ден 3000 метрге дейін	24	36
	3) 3001-ден 4000 метрге дейін	30	36
	4) 4001-ден жоғары	30	36
126.	Қопарғыш материалдарды таратып беруші	12	

127.	Ниобты кендерді қазып алатын тау-кен кәсіпорындарында респираторлар мен противогаздарды жөндеуші	30	36
128.	Ұңғышы	12	
129.	Жөндеуші слесарь	12	
130	Қолмен сұрыптайтын сұрыптаушы	12	
131.	Үнемі ашық сынаппен жұмыс істейтін сполосчик	18	36
132.	Жылжымалы составтың тіркеуші-кондукторы, поездарды құраушы	12	
133.	Тракторлы скреперде және трактор қопсытушыда жұмыс істейтін тракторшы	12	
134.	Гидромедқондырғының цементаторшысы	12	
135.	Электрберудің әуе линияларын жөндеуші электромонтер, электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электромонтер және электр жабдықтарына қызмет көрсететін электромонтер	12	
136.	Кезекші электрослесарь (слесарь) және жабдықтарды жөндеуші слесарь	12	

2-бөлім. Көмір және сланец өнеркәсібінің кәсіпорындары мен ұйымдары, көмір және сланец шахталары мен разрездерін салу және қайта құру

жұмыс істеп тұрған және салынып жатқан көмір және сланец шахталарындағы (шахта басқармаларындағы) және разрездердегі дренажды шахталардағы жерасты жұмыстары

4-тарау. Жұмыс істеп тұрған және салынып жатқан көмір және сланец шахталарындағы (шахта басқармаларындағы) және разрездердегі дренажды шахталардағы жерасты жұмыстары

Жұмысшылар

1.	Жерасты жұмысындағы барлық мамандықтағы жұмысшылар:		
	1) проходкада және шахталар ұңғырларының тік ойықтарында	30	36
	2) температура +26 С және одан жоғары жерде	30	36
	3) тік құламалы жер қыртыстарындағы шой балға ұрушы	30	36
	4) қалқан жерасты жұмыстарында (ұңғы жұмысшыларын қоса есептегенде)	24	36

Басшылар, мамандар

2.	Жерасты жұмыстарында үнемі істейтін басшылар, мамандар және қызметшілер	28	
3.	Температура +26 С және одан жоғары жерде жерасты жағдайында үнемі істейтін тау-кен мастері, мастер	30	
4.	Шахталардың тік ұңғырларын оюға және проходкада үнемі істейтін тау-кен мастері, мастер, ауысым инженері, техник, механик, электр механигі	30	

5-тарау. Өндіру кезінде құрамында 10 % және одан астам кремний еркін қос тотығы бар кен мен жыныстардың шаңы пайда болатын жерасты тау-кен жұмыстары

Жұмысшылар

	Өңделген кеңістікті жайғастырумен үнемі		
--	---	--	--

5.	айналысатын тазалау забойының жұмысшылары	30	36
6.	Жерасты тау-кен монтажшысы	30	36
7.	Ұнтақтаушы, шығарылған тау-кенін жөңдейтін тау-кен жұмысшысы	36	36
8.	Қопарғыш мастер	36	36
9.	Бұрғылау станогының машинисі	36	36
10.	Тау-кені шығарылатын проходкада жұмыс істейтін тау-кен ойығын жасау машинасының машинисі	36	36
11.	Жерасты қондырғыларының машинисі мынадай жұмыстарда:		
	1) конвейерде	36	36
	2) аударғышта	36	36
	3) питательде	36	36
	4) скреперлі шығырда	36	36
	5) итергіште	36	36
12.	Тиеу-жеткізу машинасының машинисі	36	36
13.	Электровоз машинисі	36	36
14.	Проходкашы	36	36
15.	Жұмыс істеп тұрған забойларда шығарылған тау кенін	36	

	проходкалайтын жерасты электрослесары		36
Басшылар және мамандар			
16.	Құрамында 10 %-дан астам кремнийдің еркін қос тотықы бар жыныстарды өндіруде шаң пайда болатын жерасты жұмыстарында үнемі істейтін басшылар мен мамандар	24	
6-тарау. Жұмыс істеп тұрған және салынып жатқан көмір және сланец шахталарының үстіндегі жұмыс; жерасты өрттерін болдырмау және сөндіру жөніндегі, көмір қыртыстарын газсыздандыру, жұмыс істеп тұрған және салынып жатқан шахта алаңдарында барлау және техникалық скважиналарды бұрғылау және шахта алаңдарын құрғату жөніндегі жер үстіндегі жұмыстар			
Жұмысшылар			
17.	Бункерші	12	
18.	Аспалы арқан жолының вагонетшісі	12	
19.	Жыныстарды теруші, мына жерлерде:		
	1) үй ішінде	18	
	2) үйден тыс жерлерде	12	
20.	Гидромониторшы	18	
21.	Көлік құралдарын өңдеу қондырғысының машинисі	12	
22.	Шахталарды толығымен қиятын ұңқыларды бұрғылау қондырғысының машинисі	12	
23	Өрттерді болдырмау және сөндіруші тау-кен жұмысшысы, мына жерлерде:		

	1) жанып жатқан террикондарда (жалпақ үйінділер)	18	
	2) қалған жұмыстарда	12	
24.	Дезинфектор	12	
25.	Шахтаға бекіту материалдарын жеткізуші	12	
26.	Лампашы	12	
27.	Жынысты терриконикке тасымалдайтын шығыршы	12	
28.	Бұрғылау қондырғысының машинисі	12	
29.	Үй ішінде істейтін конвейердің машинисі	12	
30.	Үй ішінде істейтін насос қондырғыларының машинисі	12	
	Көтергіш машинаның машинисі	12	
	<i>Ескерту:</i> Жұмыс істеп тұрған және салынып жатқан көмір және сланец шахталарының машинистеріне алты сағаттық жұмыс күні белгіленеді, егер олар мына көтергіш машиналарда істесе:		
	1) шахталардың тік ұңғырларының проходкаларында;		
	2) автоматтандырылмаған көтергіш қондырғыларда,		

31.	оларда жеті сағаттық жұмыс күнінде пауза ұзақтығы (өндіріс жоспарына негізделген есеп бойынша) бір көтерудің соңы мен келесі көтерудің басы арасында 2,5 минуттан кем болса;		
	3 ) автоматтандырылмаған көтергіш қондырғыларда, оларда жеті сағаттық жұмыс күнінде пауза ұзақтығы (өндіріс жоспарына негізделген есеп бойынша) бір көтерудің соңы мен келесі көтерудің басы арасында 2,5 минуттан астам болса; бірақ машинистің адамдарды (график бойынша) түсіру-көтеру бойынша үздіксіз жұмысы 45 минут және одан көп болса;		
	4) навивканың бицилиндроконикалық органдарымен		
32.	Арнайы киімді жуу және жөндеу жөніндегі жұмысшы (машинист)	12	
33.	Жанып жатқан террикондақы (жалпақ үйінділерде) бульдозер машинисі	18	
34.	Скрепер шығырының машинисі	12	
35.	Сортировкалау машинисі	12	
36.	Шахталарды толығымен қиятын ұңқыларды	12	

	бұрғылау қондырғысының машинисі		
37.	Үй ішіндегі желдеткіш қондырғысының моторшысы	12	
38.	Аударушы	12	
39.	Итеруші, жерүсті жұмыстардың тау-кен жұмысшысы	12	
40.	Саз ерітіндісін әзірлеуші	12	
41.	Сынаққа теріп алушы	12	
42.	Өндірістік моншалардың жұмысшысы:		
	1) өзіне-өзі қызмет көрсетуге көшкендердің	12	
	2) өзіне-өзі қызмет көрсетуге көшпегендердің	12	
	3) арнайы киімдерді механикалық жолмен жуғанда	12	
	4) арнайы киімдерді қолмен жуғанда	18	
43.	Түтін жолдары мен желдеткіштердің шаң каналдарын тазалайтын жұмысшы	12	
44.	Қопарғыш материалдарды таратып беруші	12	
45.	Ұңғышы	12	
46.	Такелажшы	12	

47.	Тереконшы	12	
48.	Кезекші электрослесарь (слесарь) және жабдықтарды жөндеуші слесарь	12	
7-тарау. Жұмыс істеп тұрған және салынып жатқан көмір және сланец разрездері; іргелік материалды қазып алу, өңдеу және тасымалдау; инертті шаң өндіру жөніндегі фабрикалардың (цехтардың) карьерлері			
Жұмысшылар			
49.	Бункерші	12	
50.	Қопарғыш, қопарғыш мастер	12	
51.	Тиегіштің жүргізушісі (тиеу машинасының машинисі)	12	
52.	Жүк автомобильдерінің жүргізушісі, көтеру салмағы:		
	1) 1,5-тен 3,0 тоннаға дейін	12	
	2) 3 тонна және одан жоғары	18	
53.	Жынысты таңдаушы, жұмыс орны:		
	1) үй ішінде	18	
	2) үйден тыс жерлерде	12	
54.	Үйінділердегі түсіруші (құлатушы)	12	
55.	Гидромониторшы	18	
56.	Тау-кен жұмысшысы	12	
57.	Гидроүйіндінің тау-кен жұмысшысы	12	

58.	Разрездің тау-кен жұмысшысы (конвейерлерді жылжытушы)	12	
59.	Өрттерді болдырмау және сөндіруші тау-кен жұмысшысы	12	
60.	Экскаваторлардың, үйінді көпірлердің және үйінді жасаушылардың қасындағы тау-кен жұмысшысы	12	
61.	Дезинфектор	12	
62.	Қопарғыш материалдарды таратып беруші, тау-кен жұмысшысы	12	
63.	Бөлшектеуші	12	
64.	Маркшейдерлік және геологиялық жұмыстардағы тау-кен жұмысшысы	12	
65.	Үнемі разрезде істейтін шығыршы	12	
66.	Автогрейдердің машинисі	12	
67.	Бульдозердің машинисі (бульдозерші)	12	
68.	Бұрғылау қондырғысының машинисі	18	
69.	Прицепті грейдердің машинисі	12	
70.	Ұнтақтау-тиеу агрегатының машинисі	12	

71.	Үнемі разрезде жұмыс істейтін жер сору қондырғысының машинисі	12	
72.	Үнемі разрезде жұмыс істейтін компрессор қондырғыларының машинисі	12	
73.	Конвейер машинисі	12	
74.	Қазандық машинисі:		
	1) қолмен от салушы	18	
	2) механикаландырылған	12	
75.	Моторлы катоктардың машинисі	12	
76.	Үнемі разрезде жұмыс істейтін насос қондырғыларының машинисі	12	
77.	Үйінді жасағыштың машинисі	12	
78.	Үйінді көпірінің машинисі	12	
79.	Үйінді соқасының машинисі	12	
80.	Арнайы киімді жуу машинисі	12	
81.	Жол ысырғыштың машинисі	12	
82.	Скрепердің машинисі	12	
83.	Үнемі разрезде жұмыс істейтін жер сору қондырғыларының (көмірсорғыштың) машинисі		

		12	
84.	Көлік құралдарын өңдеу қондырғысының машинисі	12	
85.	Разрездерде (карьерлерде) және разрездердің (карьерлердің) үйінділерінде қазып алу экскаваторында істейтін машинист	18	
86.	Разрезде (карьерде) істейтін балташы	12	
87.	Сынаққа теріп алушы	12	
88.	Жер үсті жұмыстарындағы проходкашы	12	
89.	Өндірістік моншалардың жұмысшысы:		
	1) өзіне-өзі қызмет көрсетуге ауыстырылған;	12	
	2) өзіне-өзі қызмет көрсетуге ауыстырылмаған;	18	
	3) арнаулы киімдерді механикаландырылған жуатын	12	
	4) арнайы киімді қолмен жуатын	18	
90.	100 м астам тереңдіктегі разрездерде, сондай-ақ барлық разрездердегі өртенген учаскелерде істейтін жұмысшылар	18	
91.	Қопарғыш материалдарды таратып беруші	12	

92.	Тау-кен жұмысшысы (расштыбовщик)	12	
93.	Үнемі разрезде істейтін такелажник	12	
94.	Тракторшы	12	
95.	Разрездегі электрогаз пісірушісі	12	
96.	Кезекші электрослесарь (слесарь) және үнемі разрезде жұмыс істейтін жабдықтарды жөндеуші слесарь	12	
Басшылар және мамандар			
97.	Қазып алу, аралас, үйінді, ашу жұмыстарында және қайта экскавация учаскелерінде үнемі жұмыс істейтін басшылар мен мамандар	12	
98.	100 м аса тереңдіктегі разрезде, сондай-ақ барлық разрездерде өртенген учаскелерде жұмыс істейтін басшылар мен мамандар	18	
8-тарау. Байыту және брикеттеу фабрикалары (түйіршіктелген көмір ұнтағы өндірісін қосқанда); байыту және брикеттеу қондырғылары; орталық және топтық сорттау; шахталар мен разрездерді сұрыптау			
Жұмысшылар			
99.	Б а й ы т у фабрикаларындағы (қондырғыларда) қойылту аппаратшысы және көмір байыту аппаратшысы	18	
100.	Б р и к е т т е у фабрикаларының (қондырғылардың) барлық аппаратшылары	18	

101.	Жыныстарды тандаушы, жұмыс істейтін жері:		
	1) үй ішінде	18	
	2) үйден тыс жерлерде	12	
102.	Мұз еріту қондырғысының газовщигі	12	
103.	Брикеттеу фабрикаларында және қондырғыларда детальдарды қатты қортпалармен қорытатын газбен дәнекерлеуші	18	
104.	Негізгі өндірісте үй іштерінде көмірді, сланецті және шаңды жинайтын тау-кен жұмысшысы	18	
105.	Елекші	18	
106.	Дезинфектор	12	
107.	Дозашы	18	
108.	Реагенттер дозашысы	18	
109.	Бөлшектеуші	18	
110.	Температура өлшеуші	12	
111.	Байыту өнімінің тексерушісі	12	
112.	Жынысты терриконникке тасымалдайтын шығыршы	12	
113.	Брикеттеу пресінің машинисі	18	
114.	Вагон аударғыштың машинисі		

		12	
115.	Жер сору қондырғысының машинисі	18	
116.	Негізгі өндірістегі конвейердің машинисі	18	
117.	Күкіртті натрийді қолданумен күмісті регенерациялайтын электролизерші	18	
118.	Көпірлік қайта тиеушінің (кранның) машинисі	18	
119.	Негізгі өндірістегі насос қондырғының машинисі	18	
120.	Брикеттеу фабрикаларында арнаулы үй-жайлардағы насос қондырғыларының машинисі	12	
121.	Силостар мен көмір мұнарасында қызмет істейтін машинист	18	
122.	Арнайы киімді жуатын машинист	12	
123.	Кептіру қондырғысының машинисі	18	
124.	Брикеттеу фабрикасының арнаулы үй-жайларындағы желдеткіш қондырғысының моторшысы	12	
125.	Көлік құралдарын өңдеу қондырғысының машинисі	18	
126.	Негізгі өндірістегі питательдің моторшысы		

		18	
127.	Басқару пультінің операторы	12	
128.	Шаң-газ ұстайтын қондырғыларға қызмет көрсететін операторы, негізгі өндірісте істейтін (шаң мен газ ұстайтын қондырғылардың операторы)	18	
129	Сынақ таңдаушы	12	
130.	Лотоктар мен желобтарға қызмет көрсететін жұмысшылар	18	
131.	Көлік учаскелерінде істейтін жұмысшылар	12	
132	Ортақ пайдаланатын жерлер мен шұңқырларды тазалайтын жұмысшылар	18	
133.	Өндірістік моншалардың жұмысшысы:		
	1) өзіне-өзі қызмет көрсетуге ауыстырылған	12	
	2) өзіне-өзі қызмет көрсетуге ауыстырылмаған	12	
	3) механикаландырылған тәсілмен кір жуатын	6	
	4) қолмен кір жуатын	18	
134.	Вагон аударғыштың машинисі (орнатушы)	12	
135.	Сүзгілеуші	18	

136.	Центрофугашы	18	
137.	Тазалаушы	18	
138.	Шламшы	12	
139.	Негізгі өндірісте көмір (сланец) байытумен шұғылданатын жұмысшылар	12	
140.	Кезекші электрослесарь (слесарь) жабдықтарды жөндеу слесары:		
	1) негізгі өндірістік жұмысшылардың көпшілігі зияндылыққа байланысты 12 календарлық күндік демалыс алатын учаскелерде жабдықтарды үнемі жөндеу жұмысы бар	18	
	2) негізгі өндірістік жұмысшылардың көпшілігі зияндылыққа байланысты 6 күнтізбелік күндік демалыс алатын учаскелерде жабдықтарды үнемі жөндеу жұмысы бар	12	
	3) брикеттеу фабрикаларындағы электрофильтр подстанцияларында	12	
Басшылар және мамандар			
141.	Негізгі өндірісте үнемі істейтін басшылар мен мамандар	18	
142.	Бақылаушы мастер, диспетчер	12	

9-тарау. Көмір және сланец өнеркәсібі мен жұмыс істеп тұрған және салынып жатқан кәсіпорындары мен ұйымдарындағы тиеу-түсіру жұмыстары

143.	Көмір (сланец), брикеттер тиеп, түсіретін, сондай-ақ теміржол вагондарынан орман материалдарын түсіруші, с у с ы м а л ы материалдарды тиеп-түсіретін жүк тиеуші	12	
------	--	----	--

10-тарау. Жұмыс істеп тұрған және салынып жатқан көмір және сланец өнеркәсібі кәсіпорындарындағы темір жол көлігі; тиеу-көлік басқармалары (бөлімдер)

144.	Разрездер мен карьерлердегі кондуктор және поезд құраушы	12	
145.	Разрездерде, карьерлерде және шахта үстінде теміржол кранында жұмыс істейтін кран машинисі (краншы)	12	
146.	Мотовоз машинисі, электровоз машинисі	12	
147.	Разрездерде және разрездер үйінділерінде істейтін жол машиналарының машинисі	12	
148.	Нұсқаушы машинист	12	
149.	Шаруашылық және маневрлық жұмыстардағы локомотив машинистері	12	
150.	Тепловоз машинисі	12	
151.	Механикалық құрастыру жұмыстарының слесары	12	
152.	Техникалық қызмет көрсету пункттеріндегі	12	

	локомотив жөндейтін слесарь		
153.	Разрезде істейтін вагондарды қараушы-жөндеуші	12	
154.	Разрезде істейтін жол монтері	12	
155.	Экиперші	12	
11-тарау. Инертті шаң өндіру жөніндегі фабрикалар (цехтар)			
Жұмысшылар			
156.	Жұмысшылар, кезекші электрослесарь (слесарь) және жабдықтарды жөндеуші слесарь, тікелей инертті шаң өндірісіндегі электр жабдықтарына қызмет көрсететін электромонтер	18	
157.	Шикізат пен шаңды вагондар мен автомашинаға тиейтін және түсіретін жүк тиеуші; инертті шаңды орайтын жұмысшылар	18	
Басшылар және мамандар			
158.	Инертті шаң өндірісінде тікелей істейтін басшылар және мамандар	18	
3-бөлім. Геологиялық барлау және топографтық-геодезиялық жұмыстар			
12-тарау. Қатты және сұйық (мұнай мен газдан басқа) пайдалы қазбаларды барлап бұрғылау			
	Скважиналарды механикалық айналдырма бұрғылайтын бұрғылаушы, скважиналарды		

1.	<p>механикалық соққылап бұрғылайтын бұрғылаушы, скважиналарды қолмен бұрғылайтын бұрғылаушы, скважиналарды механикалық айналдырма бұрғылайтын бұрғылаушының көмекшісі (бірінші), скважиналарды механикалық соққылап бұрғылайтын бұрғылаушының көмекшісі (бірінші), скважиналарды механикалық айналдырма бұрғылайтын бұрғылаушының көмекшісі (екінші), скважиналарды механикалық соққылап бұрғылайтын бұрғылаушының көмекшісі (екінші), скважиналарды қолмен бұрғылайтын бұрғылаушының көмекшісі, бұрғыла қондырғысының машинисі</p>	6	
13-тарау. Пьезооптикалық шикізатты байыту			
2	<p>Пьезооптикалық шикізатты байытуда толық жұмыс күнін істейтін барлық мамандықтағы жұмысшылар</p>	12	36
3	<p>Пьезооптикалық шикізатты байыту өндірісінде толық жұмыс күнін істейтін аға инженер, инженер, аға техник және техник</p>	12	36
14-тарау. Топографтық-геодезиялық жұмыстар			

1-параграф. Топографиялық, графикалық, геологиялық, теңіздің және арнаулы жоспарлар мен карталарды жасау, пластиктерде сызу және граверлеу

4.	Аға картограф	6	
5.	Инженер	6	
6.	Географиялық, топографиялық және арнаулы карталардың түпнұсқаларын пластиктерде граверлейтін жұмысшылар	12	
7.	Карталардың редакторы, карталардың аға редакторы	6	
8.	Техник, аға техник	6	
9.	Топограф, аға топограф	6	
10.	Сызушы	6	

2-параграф. Аэрофототүсірім материалдарын камералдық өңдеу

11.	Аға аэрофотогеодестист	6	
12.	Инженер-аэрофотогеодестист	6	
13.	Техник-аэрофотограмметрші, аға техник-аэрофотограмметрші	6	
14.	Топограф, аға топограф	6	
15.	Фотолаборант	6	
16.	Фототехник	6	

3-параграф. Есептеу машиналарында астрономиялық және геодезиялық есептеулер

17.	Аға геодезист	6	

18.	Инженер, аға инженер	6	
19.	Техник, аға техник	6	
4-бөлім. Metallургия өндірісі қара metallургия			
15-тарау. Байыту, ұнтақтау-сұрыптау, брикеттеу және агломерациялық фабрикалар (цехтар), кендер мен қара metallургиядағы кен емес материалдарды күйдіру			
Жұмысшылар			
1.	Агломератшы	12	
2	Күкірт аулайтын қондырғылардағы конверсия аппаратшысы	12	
3.	Қыртыстарға қызмет ететін қойылту аппаратшысы	12	
4.	Бункерлеуші	12	
5.	Шаң түсіруші	12	
6	Тасымалдау ленталарына ауа толтыратын вулканизаторшы	6	
7	Газгенераторшы	12	
8.	Жуу фабрикасында істейтін гидромониторшы	12	
9.	Агломерация және күйдіру жасайтын көрікші	12	
10.	Елекші-шуровшы	12	
11.	Елекші	12	
12.	Шикізат пен отын тиеп, түсіретін жүк тиеуші	6	
13.	Шикізат пен отын тиеп, түсіретін жүк тиеуші	12	

14.	Дозалаушы	12	
15.	Ыстық қайтарымның дозашысы	12	
16.	Реагенттер дозашысы	12	
17.	Бөлшектеуші	12	
18.	Науашы	12	
19.	Вагранкалар мен пештерді тиіп-босатушы	12	
20.	Маздаған заттарды тиеуші	12	
21.	Ыстық агломератты құюшы	12	
22.	Агломерация ожауларына құюшы	12	
23.	Жұмыстың ыстық учаскелеріндегі бақылаушы	12	
24.	Шламды түзетуші	12	
25.	Жүк түсіретін платформаларды көтеретін шығыр	12	
26.	Экспаустар машинисі	12	
27.	Түтін сорушылар машинисі	12	
28.	Пневматикалық және гидравликалық қайта тиегіштің машинисі	12	
29.	Араластырғыштың машинисі	6	
30.	Сусыздандыру машинисі:		

	1) сусыздандыру процесін жүргізуші	12	
	2) сусыздандыру жәшігінің приводтарына қызмет көрсетуші	6	
31.	Ауыспалы науаның машинисі	12	
32.	Араластырғыш барабанның машинисі	12	
33.	Мотовоз машинисі	6	
34.	Көтергіштің машинисі:		
	1) кокс көтергіштерде және скипте істейтін	12	
	2) басқа жұмыстар мен көтергіштерде істейтін	6	
35.	Түйіндегіштің машинисі	12	
36.	Металлургия өндірісі кранының машинисі:		
	1) ыстық агломерат тиеуші	12	
	2) фабрика ішінде кранға қызмет көрсететін	12	
	3) кен қоймасында кранға қызмет көрсететін	12	
37.	Өндірістік үй-жайлардағы компрессор қондырғыларының машинисі	6	
38.	Конвейер машинисі	12	
	Аударып тартатын жер сорғыш қондырғылардың механикалық		

39	жабдығының машинисі және жер сорқыш машинаның электр жабдығының машинисі	12	
40.	Брикеттеу пресінің машинисі	12	
41.	Сульфит қоймаларындағы экскаватор машинисі	12	
42.	Диірмендер машинисі	12	
43.	Шайқайтын машинаға қызмет көрсететін жуушы	12	
44.	Әктегіш пен майлағыштың моторшысы	12	
45.	Питатель машинисі (моторшысы)	12	
46.	Көліктік тележканың моторшысы	12	
47.	Күйдіруші	12	
48.	Отқа берікші	12	
49.	Шаң-газ ұстайтын қондырғыларға қызмет көрсететін оператор	12	
50.	Фабриканың тікелей техникалық бөлімінде тұрған басқару пультінің операторы	12	
51.	Вагонеткаларды қолмен итеретін итеруші	6	
52.	Шөгінділеуші (концентратшы)	12	

53.	Ыстық агломераттың сынақтарын таңдайтын сынақ таңдаушы	12	
54.	Фабрика ішінде үнемі істейтін балташы	6	
55.	Байыту және ұнтақтау-сұрыптау фабрикаларында, кеніштерде, шахталар мен металлургия заводтарында құрамында 10%-тен астам кремнийдің еркін қос тотықы бар қара металл кендері мен балқымалы шпатты ұнтақтаумен майдалаумен, үгітумен және шихталаумен айналысатын жұмысшылар (барлық мамандықтағы) мен мастерлер:		
	1) құрғақ тәсілмен	24	36
	2) ылғал тәсілмен	12	
56.	Аталған учаскелерде үнемі жөндеу жүргізетін жұмысшылар, жұмыстардың жүргізілуі:		
	1) құрғақ тәсілмен	18	
	2) ылғал тәсілмен	12	
57.	Темір жол вагондарына ылғалдығы 3%-тен аз мөлшерде кептірілген кенді тиейтін жұмысшылар	18	36
58.	Байытуда істейтін сеператоршы	12	

59.	Кен және кен емес қазбаларды сорттап, саралайтын сортаушы	12	
60.	Кептіруші	12	
61.	Брикеттерді түсіруші	12	
62.	Реагенттерді тасымалдайтын және бөліп құятын тасымалдаушы	6	
63.	Фабриканың өндірістік үй-жайларын жинайтын өндірістік үй-жай жинаушы	12	
64.	Сүзгілеуші	12	
65.	Флотатор	12	
66.	Шламшы-бассейнші	6	
Басшылар және мамандар			
67.	Негізгі өндіріс жұмысшылары зиянды еңбек жағдайына байланысты қосымша демалыс алатын жұмыс учаскелерінде істейтін мастер, аға мастер, ауысым бастығы:		
	1) ұзақтығы 12 күнтізбелік күн;	12	
	2) ұзақтығы 6 күнтізбелік күн;	6	
68.	Ылғалдылығы 3%-тен төмен кептірілген кенді темір жол вагондарына тиеумен үнемі айналысатын мастер, аға мастер, ауысым бастығы	18	

16-тарау. Динас өндірісі

1-параграф. Кварц пен кварциттерді қазып алу, байыту және өңдеу

Жұмысшылар

69.	Кварц пен кварцитті қазып алу, тасымалдау, байыту, ұнтақтау, сорттау, үгіту және шихталаумен үнемі айналысатын жұмысшылар	36	
70.	Династық масса мен мертельдерді дайындаумен, династық отқа төзгіштерді престоу мен қалыпқа салумен үнемі айналысатын жұмысшылар	36	
71.	(Шикізат пен газ өнімін) кептіру мен сұрыптаумен, династық бұйымдарды, мертельдер мен кварциттерді және жартылай фабрикаттар мен дайын өнімдерді дәнекерлеу, күйдіру, түсіру, орау және операциялар бойынша бақылаумен үнемі айналысатын жұмысшылар	36	
72	Жылу технологиялық агрегаттардың отқа төзімді негіздерін жөндеумен, оларды тазалаумен және жұмысқа дайындаумен және олардың астына пешті вагондарды салумен үнемі айналысатын жұмысшылар	36	
73.	Технологиялық жабдықтарды, өндірістік желдеткішті ұстаумен және өндірістік үй-жайларды ұстаумен		

	үнемі айналысатын жұмысшылар	36	
Басшылар және мамандар			
74.	Өндіріс учаскелерінде толық жұмыс күні болатын өндірістік учаскенің мастері, өндірістік учаскенің аға мастері, цех механигі, цех энергетигі, ауысым бастығы Ескерту: Кварц пен кварцитті қазып алумен, байытумен және өңдеумен айналысатын жұмысшылар мен инженер-техник жұмысшыларға зияндылығы бойынша қосымша демалыс "Қара металлургия" бөлімінің тиісті бөлімшелеріндегі мамандықтар мен қызметшілердің тізбесі бойынша беріледі	36	
17-тарау. Домна өндірісі			
Жұмысшылар			
75.	Кен ауласының бригадирі	6	
76.	Бункерлер бригадирі:		
	1) ыстық агломератпен және сидиритпен жұмыс істейтіндердің	12	
	2) жұмыстың қалған учаскелерінде істейтіндердің	6	
77.	Шлак үйіндісін жасау бригадирі	12	
78.	Бөліп құю машинасының бригадирі	12	

79.	Мульд, шлак тасушы ожаулар мен ыдыстардың бүркуші	12	
80.	Домна цехының бункершісі:		
	1) бункер астындағы үйде немесе ыстық агломератпен және сидеритпен жұмыс істейтін	12	
	2) бункерлерде жұмыс істейтін	6	
81.	Домна пешінің үстінде жұмыс істейтін:		
	1) домна пештерінің колошниктерінде шихта материалдарын қолмен тиеумен айналысатын	12	36
	2) басқа жұмыстардағы	12	
82.	Бункер астындағы үйлерде шихтаны өлшеумен айналысатын таразышы	12	
83.	Домна пешінің су құбыршысы	12	
84.	Үйінділерде шлак түсіруші	12	
85.	Домна пешінің газощигі	12	
86.	Домна пешінің көрікшісі	12	
87.	Домна шлагын түйіршектеуші	12	
88.	Бөліп құю машинасының науашысы	12	

89.	Машинист-жиектеуші, орналастырушы- жиектеуші	12	
90.	Каталь:		
	1) толығымен механикаландырылмаған домна пештерін қолмен толтырғанда	12	36
	2) толығымен механикаландырылған пештерді	12	
91.	Ожаушы	12	
92.	Люкші	12	
93.	Вагон-таразының машинисі	12	
94.	Домна пеші көтергішінің машинисі	12	
95.	Домна цехы трансферкарының машинисі	6	
96.	Шихта берушінің машинисі	12	
97.	Металлургия өндірісі кранының машинисі:	12	
	1) құю цехындағы		
	2) шикізат пен отынды қабылдау және тиеу кранына қызмет көрсететін	6	
	3) түйіршік бассейнге немесе қондырғыға қызмет көрсететін	12	
	4) саз езушіге қызмет көрсететін	12	

	5) бөліп құю машинасына қызмет көрсететін	12	
98.	Шикізат пен отынды қабылдайтын және тиейтін вагон аударғыштың және вагон итергіштің машинисі	6	
99.	Электровоз машинисі:		
	1) тоннельдер мен жабық галереяларда жұмыс істейтін	12	
	2) басқа учаскелерде	6	
100.	Шихта бергіштің машинисі (моторшысы):		
	1) кокс көлігінің қасындағы	12	
	2) скрепер шығырының қасындағы	6	
101.	Автоматтандырылған вагон-таразыларды жөндеуші	12	
102.	Саз езгіште ленталық массаны жеткізумен айналысатын отқа төзімді материалдар мен термикалық қоспаларды дайындаушы	6	
103.	Скипші	12	
104.	Колошник шаңын жинаушы	12	
105	Шойыншы	12	
1-параграф. Домна шлактарынан бұйымдар өндіру			
	Домна шлактарынан бұйымдар жасаумен айналысатын		

106.	жұмысшылар ( 12 шлаккесектер, тубингтер )		
Басшылар және мамандар			
107.	Негізгі өндірісті жұмысшылар зиянды еңбек жағдайына байланысты қосымша демалыс алатын жұмыс учаскелерінде істейтін мастер, аға мастер, ауысым бастығы:		
	1) ұзақтығы 12 күнтізбелік күн	12	
	2) ұзақтығы 6 күнтізбелік күн	6	
18-тарау. Болат балқыту өндірісі			
Жұмысшылар			
108.	Болат балқыту өндірісінде істейтін болат балқыту және ферросплав өндірісі шихта ауласының бригадирі	6	
109.	Изложницалар ауласының бригадирі	12	
110.	Өндіріс процесінде шикізатты, жартылай фабрикаттарды және дайын өнімді жылжыту жөніндегі бригадир	12	
111.	Сыдыру-тазалау бөлімінің бригадирі	6	
112.	Металдың сыртқы кемшіліктерін өңдеуші	12	
113.	Шихта ауласындағы таразышы	6	

114.	Ожаушы	12	
115.	Сынықтарды қауіпсіздендірумен айналысатын сынықтардың, қара және түсті металдардың бақылаушысы	6	
116.	Гидротазалау және изложницаларды майлау машинисі	12	
117.	Дистрибутор машинисі (конвертор операторы)	12	
118.	Құлату машинасының машинисі	12	
119.	Май құю машинасының машинисі	12	
120.	Бөліп құю электротележкасында істейтін ыстық металды тасымалдаушы-машинист	12	
121.	Металлургия өндірісі кранының машинисі:		
	1) құю кранының, тиеу кранының, миксер бөлімі кранының, бөліп құю кранының, жинау кранының, бөліп құю пролетінің қазандық кранының, изложницалар ауласы кранының, құймаларды аршу кранының, пеш пролетінде шихта беру кранының, ыстық құйма қоймасындағы кранның, құймаларды ашу бөліміндегі және изложницалар ауласындағы тельфердің машинисі	12	

	2) жұмыстың қалқан учаскелеріндегі шихта ауласы кранының және суық құймалар қоймасындағы кранның	6	
122.	Металлургия цехындағы миксер бөлімінде электровоз машинисі	12	
123.	Таңбалаумен айналысатын таңбалаушы		
	1) ыстық металды	12	
	2) суық металды	6	
124.	Миксерші	12	
125.	Блоктарды толтырушы	12	
126.	Стопор теруші	12	
127.	Сифондар мен поддондар теруші	12	
128.	Болат балқыту цехтарының немесе тазалау бөлімдерінің өндірістік пролеттарында істейтін сыдыру станоктарының операторы	6	
129.	Болатты үздіксіз құю қондырғыларында газбен кесу операторы	12	
130.	Логоскоп операторы	12	
131.	Болатты үздіксіз құю қондырғысының операторы	12	
132.	Синтетикалық шлактарды балқытушы	12	

133.	Қышкылдатқышты балқытушы	12	
134.	Балқытпаларды бөліп құюға қоспаларды дайындаушы	12	
135.	Болат балқытушы конвертордың көмекшісі	12	
136.	Мартен пеші болат құюшысының көмекшісі	12	
137.	Электр пеші болат құюшысының көмекшісі	12	
138.	Темірді тікелей қалпына келтіру пеші болат құюшысының көмекшісі	12	
139.	Электрошлақты қайта құю кондырғысы болат құюшысының көмекшісі	12	
140.	Вакуум пеші болат құюшысының көмекшісі	12	
141.	Люнкеритті кондырғыда жұмыс істейтін май құю, отқа төзімді материалдарды және термикалық қоспаларды дайындаушы	12	
142.	Электрлі балқыту пешінің пультішісі:		
	1) электрлі болат балқыту пешінің	12	
	2) электрлі шлақ жасау және вакуумды пештің	6	
143.	Мартен пешінің кондырғыларын үрлеумен айналысатын жұмысшылар	12	
144.	Болатты бөліп құюшы		

		12	
145.	Металды сорттаушы-тапсырушы:		
	1) ыстық құймалармен істейтін	12	
	2) суық құймалармен істейтін	6	
146.	Вакуум пешінің болат құюшысы	12	
147.	Электрошлақты қайта құю қондырғысының болат құюшысы	12	
148.	Темірді тікелей қайта қалпына келтіру пешінің болат құюшысы	12	
149.	Конвертордың болат құюшысы	12	
150.	Мартен пешінің болат құюшысы	12	
151.	Электрлі пештің болат құюшысы	12	
152.	Изложницаларды тазалаушы-майлаушы	12	
153.	Шихташы:		
	1) пеш пролетінде шихта беретін	12	
	2) жұмыстың басқа учаскелеріндегі	6	
154.	Шлакшы	12	
1-параграф. Газ шаруашылығы және шайыр қондырғысы			

155.	Газшы	12	
156.	Газгенераторшы	12	
157.	Ағаш жарушы	6	
158.	Күлші	12	
159.	Шайыр қондырғысының машинисі	12	
160.	Отын әкеліп тұратын тасымалдаушы	6	
2-параграф. Шлак бөлшектеу бөлімі			
161.	Тиегіштің жүргізушісі	12	
162.	Үйінділерде шлак түсіруші	12	
163.	Шлак бөлшектеу бөлімінде істейтін жүк тиеуші	12	
164.	Диірмен машинисі	12	
165.	Магнитті грейфер кранында істейтін металлургия өндірісі кранының машинисі	12	
166.	Шлак бөлшектеу бөлімінің операторы	12	
167.	Шаң-газ аулау қондырқыларына қызмет көрсетуші оператор	12	
168.	Шлак бөлшектеу бөлімінде істейтін шлак, металл сынықтары мен қалдықтарының сеператоршысы	12	
169.	Шлак бөлшектеу бөлімінде істейтін орналастырушы-ораушы	12	

3-параграф. Доломитті-эк-күйдіру бөлімі

170.	Бөлшектеуші	12	
171.	Скип көтергішінің машинисі	12	
172.	Грейфер кранында істейтін металлургия өндірісі кранының машинисі	12	
173.	Күйдіруші	12	
174.	Сұрыптаушы	12	
175.	Тасымалдаушы	12	

4-параграф. Сынықтарды бөлу және дайындау

176.	Қопарғыш (қопарғыш мастер)	6	
177.	Металл сынықтары мен қалдықтарды газбен кесуші	6	
178.	Металл сынықтары мен қалдықтарды бөлу копровцигі	6	
179.	Металл қалдықтарын прстеуші	6	
180.	Металл сынықтары мен қалдықтарды сұрыптаушы	6	

5-параграф. Шлакты бөлу

181.	Шлак үйіндісін жасау бригадирі	12	
182.	Мульдтар, шлак ожаулары мен ыдыстарын бүркуші	12	
183.	Шпур бүркышысы		

		12	
184.	Шлак үйіндісінде істейтін бульдозер машинисі (бульдозерші)	12	
185.	Шлак бөлімдерінде істейтін скрепер машинисі (скреперші)	12	
186.	Шлак бөлімдерінде көпірлік электромагнитті және магнитті-грейферлі крандарда істейтін кранның машинисі	12	
187.	Металл қалдықтарын күйдіруші	6	
188.	Металл қалдықтарын престоуші	6	
189.	Шлактың, металл сынықтары мен қалдықтарын сеператоршы	12	
190.	Металл сынықтары мен қалдықтарын сорттаушы-жинаушы	12	
191.	Шлакшы	12	
192.	Шихталаушы:		
	1) шлактар мен шлак үйінділерін жасаушы	12	
	2) қалған жұмыстардағы	6	
Басшылар және мамандар			
193.	Өндіріс жұмысшыларының көпшілігі зиянды еңбек жағдайына байланысты қосымша демалыс алатын жұмыс учаскелерінде істейтін		

	мастер, ағамастер, ауысым бастығы:		
	1) ұзақтығы 12 күнтiзбелiк күн	12	
	2) ұзақтығы 6 күнтiзбелiк күн	6	
19-тарау. Прокат өндiрiсi			
Жұмысшылар			
194.	Купорос қондырғысында iстейтiн кристалдау аппаратшысы	12	
195.	Купорос қондырғысында iстейтiн центрифугалау аппаратшысы	12	
196.	Газдан қорғау қондырғысында және бейтарап газ қондырғысында iстейтiн бейтарап газ қондырғысының аппаратшысы	12	
197.	Купорос қондырғысында iстейтiн бейтараптау аппаратшысы	12	
198.	Электролиттi майсыздандыру аппаратшысы	6	
199.	Газды тазалау аппаратшысы	12	
200.	Листпрокат өндiрiсiнде лист өндеуде iстейтiн ерiту аппаратшысы	12	
201.	Листпрокат өндiрiсiнде лист прокаттау қондырғысында iстейтiн бейтарап газ қондырғысының аппаратшысы	12	

202.	Баяу суыту құдықтарының бригадирі	12	
203.	Лист прокаттау өндірісі және дөңгелек прокаттау өндірісінде тікелей пролет цехтарында істейтін металды және дайын өнімді бөлу, сорттау, қабылдау, тапсыру, пакеттеу және орау бригадирі	6	
204.	Дөңгелек прокаттау өндірісінде істейтін дайындау бөлімінің бригадирі	6	
205.	Дөңгелек прокаттау өндірісінде істейтін дөңгелектерді қарау және механикалық өңдеу бригадирі	6	
206.	Ыстық прокат станының вальцовщигі	12	
207	Клеттерді құрастыру және аудару вальцовщигі :		
	1) стендтер стандартын жаю аландарында тұрған кезде	12	
	2) жұмыстың басқа учаскелерінде	6	
208.	Суық прокат станының вальцовщигі:		
	1) үнемі валкаларды жылытып істейтін жұмыста	12	
	2) валкаларды жылытпай істейтін жұмыста	6	

209.	Термикалық пештерге тиеуші:		
	1) лист прокаттау өндірісінің листерді бөлуде	12	
	2) күйдіру пештерін тиеуде және түсіруде және термоқұдықтарда жұмыс істеуде	12	
210.	Металл сынаушы	6	
211.	Прокатты қыздырушы	12	
212.	Аударып-домалатушы:		
	1) ыстық металмен жұмыс істейтін	12	
	2) суық металмен жұмыс істейтін	6	
213.	Гуммирлау жұмыстарындағы қышқылтқа төзімдегіш (қышқылтқа төзімдегіш-гуммирлаушы)	12	
214.	Ыстық металға таңба салушы ыстық бандаждарға белгі салушы	12	
215.	Листілерді бөлу цехтарындағы (учаскелеріндегі) ванналарды түзетуші	12	
216.	Технологиялық пештер от жағушысы	12	
217.	Бандаж және вилопрокат өндірістерінде істейтін балға мен пресс ұстасы	12	

218.	Вилопрокат өндірісінде істейтін штампылаушы ұста:		
	1) ыстық жұмыстардағы	12	
	2) суық жұмыстардағы	6	
219.	Вилопрокат өндірісінде істейтін қолмен соғатын ұста	12	
220.	Лист бөлуде істейтін қаңылтыр мен тұрбаларды лактаушы	12	
221.	Лист соғушы	12	
222.	Электролит әдісімен листілерді бөлетін қалайшы	12	
223.	Қаңылтырды қалайыландырумен және листілерді бөлумен айналысатын ыстық әдіспен қалайыландырушы	12	
224.	Прокат станының жетекші моторының машинисі	12	
225.	Пресс машинисі	12	
226.	Прокат станының реверсивті бу машинасының машинисі	12	
227.	Ыстық металдың тасымалдаушы машинисі	12	
228.	Отпен тазалау машинасының машинисі	12	
229.	Фрезерлік тазалау машинасының машинисі	12	

230.	Құйма бұзғыш машинаның машинисі	6	
231.	Болат ағыны машинасының машинисі	12	
232.	Лист прокаттау өндірісінде істейтін қазандықтың машинисі (от жағушы)	12	
233.	Жерде машинаға, гидроитергішке, шаржир-машинаға қызмет көрсететін тиеу механизмдерінің машинисі	12	
234.	Бандаж өндірісінде істейтін балға, пресс және манипулятор машинисі	12	
235.	Рельс бекіту өндірісінде істейтін насос қондырғыларының машинисі	6	
236.	Жылыту қондырғыларының жанындағы қысқашты кранға және бандаж өндірісінде бұрылғыш кранға қызмет көрсететін металлургия өндірісі кранының машинисі	12	
237.	Бұрылғыш кран (дайындауларды беретін) және велокранға қызмет көрсететін металлургия өндірісі кранының машинисі:		
	1) ыстық жұмыстарда	12	
	2) суық жұмыстарда	6	
	Қаңылтырдың ыстық прокатында, жабын мен		

238.	листілердің түсті қабаттарында жуу-құрғату машинасына қызмет көрсететін металды жуушы-кептіруші.	12	
239.	Металды жуушы-кептіруші:		
	1) қаңылтырдың суық прокатында листілерді бөлетін	6	
	2) листілерді прокаттау өндірісінде лактау бөліміндегі	12	
240.	Қаңылтырдың ыстық прокатында, жабында және листілердің түсті қабатында листілерді бөлетін листілер мен құбырларды теруші	12	
241.	Металды қыздырушы	12	
242.	Вилопрокаттау өндірісінде шпигтеу учаскесінде істейтін металды ысытушы (дәнекерлеуші)	12	
243.	Вилопрокат өндірісінде істейтін ысқылау дөңгелектерін айналдырушы	6	
244.	Вилопрокат өндірісінде құю балғаларын реттеуші ұста-пресс жабдығының жөндеушісі	12	
245.	Суппорттарды жөндейтін суық штампылау жабдығының жөндеушісі :		
	1) ыстық жымдастыруда	12	

	2) суық жымдастыруда	6	
246.	Листілерді және орамалардағы ленталарды суық прокаттау цехында істейтін листілер мен құбырларды майлаушы	6	
247.	Вилопрокат өндірісінде қабыршақтарды кесетін кесуші	6	
248.	Үдіксіз улау майсыздандыру, қалайыландыру, мырыштандыру, лактау және күйдіру агрегаттарын басқару постының операторы:		
	1) листпрокаттау өндірісінің листілерді бөлуіндегі	6	
	2) басқа учаскелердегі	12	
249.	Пост операторы:		
	1) жұмыстың ыстық учаскелеріндегі	12	
	2) жұмыстың суық учаскелеріндегі	6	
250.	Рельстерді өңдеу линиясының операторы	6	
251.	Ыстық прокат станын басқару постының операторы	12	
252.	Суық прокат постының операторы	6	
253.	Сұрып прокаттау өндірісінде және бандаж		

	өндірісінде істейтін бұрғылау агрегаты мен пресс операторы	6	
254.	Листілерді мырыштайтын мырыштаушы	12	
255.	Листілерді мырыштаумен және листілерді өңдеумен айналысатын ыстық тәсілмен мырыштаушы	12	
256.	Қаңылтырдың суық прокатында істейтін лента ораушы	6	
257.	Екінші алынған қалайыны балқытушы	12	
258.	Ыстық прокат станы вальцовщигінің көмекшісі	12	
259.	Суық прокат станы вальцовщигінің көмекшісі	6	
260.	Металды ілуші	12	
261.	Прокат пен құбырларды балқытушы:		
	1) ыстық металды	12	
	2) суық металды	6	
262.	Вилопрокат өндірісінде айырларды түзейтін қолмен түзеуші	6	
263.	Листі прокат өндірісінде лист өңдеуші металл қалдықтарын престоуші	12	
264.	Дөңгелектер мен бандаждарды престоуші	12	

265.	Рельс бекіткіштерін тігуші-престеуші:		
	1) ыстық тігудегі	12	
	2) суық тігудегі	6	
266.	Купорос қондырқысында істейтін шикізатты, жартылай фабрикаттарды және дайын өнімді қабылдаушы	12	
267.	Листілерді қалайыландыру және мырыштау үшін қоспалар дайындайтын электролит пен флюс дайындаушы	12	
268.	Шатырлық темір прокатында қоқыстандырып тікелей істейтін жұмысшылар	12	36
269.	Жұқа листілі электротехникалық (трансформаторлық және динамолық) болатты қолдан тікелей ыстық прокаттайтын жұмысшылар	12	36
270.	Листілерді және ораудағы ленталарды суық прокаттайтын цехта термикалық өңдеу және бөлу учаскелерінде майлайтын машиналарға қызмет көрсететін жұмысшылар	12	
271.	Пакеттерді сыдырушылар:		
	1) ыстық жұмыстарда, машинаны бөлуде	12	

	2) суық жұмыстарда және сыдыру машинасына қызмет көрсетуде	6	
272.	Прокатқа белгі салушы:		
	1) ыстық жұмыстарда	12	
	2) суық жұмыстарда	6	
273.	Жерасты май суыту қондырғысына қызмет көрсететін пайдаланылған майдың регенераторшысы	12	
274.	Металды қайшымен және преспен кесуші:		
	1) ыстық кескіште және абгард-машинада	12	
275.	Суық металды кесуші:		
	1) құрғақ әдіспен абразивтік шеңберлі жұмыстарда және ыстық металды вилопрокат өндірісінде кесуде	12	
